


*«Мектепке дейінгі жастағы  
балалардың когнитивті дамуын  
зерттеу және қолдау әдістері»*


*Тәрбиеші: Г.К.Кудабаева*



*Когнитивті зерттеу – адамның ойлауын, қабылдауын, есте сақтауын, назарын, тілдік қабілеттерін және шешім қабылдауын зерттейтін ғылыми бағыт.*

*Яғни бұл зерттеу адамның ақыл-ой процестерін қалай жұмыс істейтінің түсінуге бағытталады.*





*Оны психология, педагогика, нейробиология, медицина, жасанды интеллект салаларында қолданады.*

*Қарапайым тілмен айтқанда, когнитивті зерттеу - адам миы ақпаратты қалай өңдейді деген сұраққа жауап іздеу.*



*Когнитивті зерттеу мектеп жасындағы баланың оқуы, есте сақтауы, назарын шоғырландыруы қалай жақсартылатынының анықтауға көмектеседі.*

*Балабақшадағы когнитивті зерттеу дегеніміз – мектепке дейінгі балалардың ойлауын, есте сақтауын, зейінің, сөйлеуін, қиял деңгейін ойын және күнделікті іс – әрекет арқылы анықтау үдерісі.*



*Когнитивті зерттеудің мақсаты:*

- Баланың танымдық даму денгейін анықтау*
- Қиындықтарын байқау*
- Жеке ерекшелігін ескеру*
- Дамытушы жұмысты дұрыс жоспарлау*



*Когнитивті зерттеудің міндеттері:*

- Баланың ойлау әрекетін бақылау*
- Зейін мен есте сақтауын тексеру*
- Логикалық байланыс құру қабілетін анықтау*
- Сөйлеу арқылы ойды жеткізуін бағалау*



*Когнитивті зерттеу әдістері:*

- *Бақылау әдісі*
- *Ойын арқылы зерттеу*
- *Дидактикалық тапсырмалар*
- *Әңгімелесу*
- *Шығармашылық әрекет*





